Қызылорда Белкөл С. Бейбарыс көшесі — 4). Қызылорда қаласы бойынша Сәулет, Саяхат, Қорқыт ата, КБИ және Арай мөлтек аудандарында ыза судан пайда болған көпшіктер орналасқан жер учаскелері мақсатына сәйкес игерілмеуіне байланысты меншік иелерін ҚР Жер кодексінің 93-бабы, 3-тармағы негізінде сот органына міндеттеу туралы талап арыздар берілді. 2020 жылға дейін дейін Саяхат мөлтек ауданынан 17 көпшік (31 жер учаскесі), Сәулет мөлтек ауданынан 1 көпшік (1 жер учаскесі) барлығы 18 көпшік (32 жер учаскесі) көмілді.

Қалған 19-көпшік (оның ішінде 29 жер учаскесі) нысаналы мақсаты бойынша игерілмеуіне байланысты Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 93-бабы, 3-тармағы негізінде сот органына міндеттеу туралы талап арыздар берілді. Нәтижесінде 3 азаматқа тиесілі жер учаскесі сот шешіміне сәйкес өз есебінен көмілсе, ал 4 азаматқа көму туралы сот шешімі қабылданды. Өзге жер учаскелері сот өндірісінде, — дейді қала әкімдігінің мамандары.

Бәлім, жуық арада сот өндірісіндегі мәселе шешімін тауып қалар деген үмітпен экология департаментіне де хабарластық. Алайда нағыз экологиялық ахуалдың ушыққан ауданына бұл мекеме жауапты емес екенін алға тартты. Енді қайтпек керек?

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА,
Суреттер: Н.НҰРЖАУБАЙ



істеп отырғаны — қиынат. Бұл шұңқырды халық көміп үлгері алмайды. Осы уақытқа дейін мына жердің иесі 200-300 машина топырақ төккен шығар. Топырақты қашаның төгеді енді? Көпшікті жердің иесі өзі жабу керек дейді, ол топырақты шамасы келгенше үйін жатыр. Онда да әлі келген кезде өкеліп тастайды. Сонда біз топырақты тасып біткенше сорлап отыра береміз бе? Мемлекет тым болмаса судың бетін жауып берсе екен. Қалғанын халық

ойын алаңдарын жасап берсе болады ғой. Бес қабатты үйлердің ауласына қарасаң, ол жақтың бар жағдайы жасаулы. Мұнда халық үйді өз еңбегіне тұрғызды, мемлекеттен үй сұрап жатқан жоқ қой. Тек осы мәселелерді реттеп берсе болғаны. Анау жылу құбырының ар жағы Саяхат 25 көшесінде мүлде инфрақұрылым жоқ. Ауылдан келген жұртқа газ, су, жарығын қамтып бермеген соң одан тіршілік бола ма? — дейді жағдайға шамданған тұрғын.

**Кемал ЖАЙМАҒАМБЕТОВ,
Саяхат мөлтек ауданы,
20-көшенің тұрғыны:**

— Әкімдікке быттыр арыз жазғанбыз. Ол кезде жарық, көше жоқ еді. Бірінші көтерген мәселеміз мына шұңқырды жабу болды. Қалғандары реттелсе де, осы мәселе қалып қойды. Біреулер «жерді кім алды, сол көмсің» дегенді айтады.

Мұнда одан өзге де мәселе көп. Осы шағын ауданға мектеп керек деп айтып келе жатқанымызға үш жылдан асты.

Таңырыптың төкелері. Жауапты мамандар қашанда «мәселені қарап жатырмыз, жұмыс істейміз» деп құрғақ уәде беретіні жасырын емес. Бірақ қашанда «лас тускен жеріне ауыр», не мәселе болса да, алдымен халық қалайды. Бір анығы, қалдықтан шыққан «хош» иіспен тыныстау оңай болмай тұр...



АҚЫНЖАНДЫ НҰРЖАН



Тәуелсіз елдің жасампаздығы жолында оның тыныштығы мен қорам қауіпсіздігін сақтау мақсатында қызмет атқарып жүрген жандардың еңбегі өрен. Соның ішінде аса жауапкершілікті, төзімділік пен шыдамдылықты талап ететін қылмыстық-атқару жүйесі саласы қызметкерлерінің азаматтық тұлғасы көпке үлгі. Қызылорда облысы қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты 3К-169/1 тәрғеу мекемесінің қадр саясаты тобының кесібі қызметтік және дене шынықтыру даярлық жөніндегі аға инспекторы әділет аға лейтенанты Нұржан Дүйсенұлы антсына адал, сертін берік, Отан алдындағы парызын риясыз атқарып жүрген қызметкер.

Шоқтығы биік мамандықты таңдап, құқық саласында абыройлы қызмет ету – оның бала күні арман. Мектепте әскери дайындық сабағынан дәріс беретін әкесінің қатап тәрбиесі көріп өскен Нұржан оқушы кезінде-ақ балалық қиялында құқық саласының маманы болуды мақсат еткен. Әсіресе, сырт көз бірден назар аударатын нысанды киім үлгісін киіп жүру, оның әскери қызметкер болуға деген таппынысын арттыра түсті. Қорық ата атындағы ҚМУ-да Алғашқы әскери дайындық мамандығында оқыды. Жалындыан жас, облыстық жастар саясаты ұйымының беделді мүшесі болды. 2013 жылғы Қызылордада ең үздік жастар қатарынан табылып, топты жарып, көбашасы деген атаққа ие болды. Қазақ гуманитарлық-заң және техникалық колледжінде оқу-тұты болып жұмыс істеп, студенттерге дәріс берді.

Расында, Қызылорда облысы қылмыстық-атқару жүйесі департаментіне қарасты 3К-169/1 тәрғеу мекемесіне 2017 жылы келіп, Рәжим және күзет бөліміне бақылаушы болып жұмысқа қабылданған Н.Қушеров, осы уақытқа дейін бұл саланың қиындығына төтеп беріп, мекеме басшылығы тапсырған қызметтік міндетін мүлтіксіз атқарып келеді. Бүгінгі таңдағы басты міндеті – қадр саясат тобының кесібі қызметтік және дене шынықтыру даярлығы жөніндегі аға инспекторы ретінде, жеке құрам қызметкерлерінің кесібі даярлығын көтеру. Жалпы алғанда, салтық байқау, мекеме қызметкерлерінің сыртқы түрін тексеру, салтық машықтың деңгейін, үйлесімділігін, жеке құрамның функционалды міндеттерін қамтамасыз етуге дайындығын тексеру жатады. Тағы да бұл атқаратын міндетінің бірі, арнайы континент тарапынан қылмыстар мен өзге де құқыққа қарсы іс-әрекеттің уақытлы алдын алу, жолын кесу мақсатында іс-шараларды ұйымдастыру мен қызметкерлердің табылдық қаруды, арнайы құралдар мен дене күшін қолдану, пайдалану ережелерін біліп бойынша аянтасына ел рет дене жаттығу жұмыстарын да жүргізеді. Сол дене жаттығуларының нәтижесінде жеке құрам жігіттері арасынан спорт шеберлері мен чемпиондан шығуда. Олардың дені қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерлері арасында өтілетін қоян-қолтық спорт түрі бойынша жарысқа қатысып, жүлделі орын алуда. Нұржанның өз де, осы спорт түрінен республикалық жарыстарда жүлделі орындарға ие болған. Көптеген мақтау қағаздары мен кеудесіне жарқырап таққан медалдары да бар. Спорт шеберлігіне үміткер. Қызметінің қиындығына төтеп беріп жүргендігі және отбасылық өмірінің беріктігіне де болар. Нұржанның тағы бір ерекше қыр, ақынның өлеңін нәзікшең келтіріп, мәнерлеп оқыды. 2019 жылғы мемлекеттік қызметкерлер арасында өткізілген Абай атындағы көркем өс оқу шеберлерінің облыстық байқауына қатысып, жүлделі орынға ие болды. Бұл жетістігі оның тек өзінің ғана емес, халық алдындағы қылмыстық-атқару жүйесі қызметкерінің абырой, беделінің артығына да игі ықпалын тигізгені анық. Сонымен қатар Нұржан мекемеде өткізілетін кез-келген мәдени іс-шараға белсенді қатысып, ұйымдастырып отырады. Көпшілік алдында көбіашаштылық танытып, көсіне, шешіне көркем сөйлейтін қабілеті де зор. Ол 3К-169/1 тәрғеу мекемесіндегі мемлекеттік тілді қолдану аясының мәртебесін көтеруге барынша атсалысып жүрген ардақты азамат.

ӘСКЕРИ АДАМ

МАМАНДЫҚҚА АДАЛДЫҚ



Әскери салада қызмет ету өкінің бірінің қолынан келмейді. Бұған дәлел жігіттердің көбісі әскерге бармай, ел алдындағы борышын өтеуден жалтарады. Сондықтан Отан алдындағы борышын өтеп, халықтың бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуде алдына жан салмайтын азаматтар бүгінде мақтауға тұрарлық. Әскери қызметте еңбек етудің оңай емес екені белгілі. Отбасына жеткілікті уақыт бөлмей, көбіне жұмыс барысымен жүріп қалуы мүмкін. Ал бүгінгі біздің көйпкеріміз Әлібек Сарыбайұлы өз ісіне берілген, мықты маман. Ол ҚР Ұлттық Қарулы Күштерінің Қызылорда облысы бойынша департаментінде жұмыс істейді.

– “Қандай мамандық таңдайды?” деген шығарма жазғанда мен бұл сұраққа іштей дайын едім. Себебі әскери қызметкер боламын деген арман мен өзімді әскери формада көз жұмып елестету бала арманым еді. Осы арманымға жету өскен сайын басты мақсатыма айналды. Әскери қызметкер болу үшін мектеп бағдарламасын жақсы меңгеруге барынша тырыстым. Алматы қаласындағы 9 сыныпты жақсы тәмамдап, Б.Момышұлы атындағы әскери мектепке қабылданып, оқуымды аяқтадым. Орта білімді алсымен Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара академиясы түлегі атанып, осы оқу орнын абыроймен аяқтап, ел шекарасын күзетуге жіберілдім, – дейді офицер.

Офицердің жауапкершілігі мол. Оның атқарар жұмысы көп. Отан алдындағы міндетін орындау – кез келген азаматтың борышы. Әскерге бару да солай. Ал көйпкеріміз мамандыққа адалдықты таныту басты міндет деп санайды. “Өз қалаған мамандығыңның иесі атанғандыңнан, лайықты абыройлы офицер болып, ел тыныштығын күзетуге бар күш жігеріңді жұмсаймын келеді. Әскерге баруға қоғамда белең алып тұрған көрініс, әрине бұған өртүрлі себептер бар. Ол әрине әр ер азаматтың өз шешімі. Отан алдындағы борышын өтеу кез келген ер азаматтың борышы екенін жете түсіне алмағандықтан деп есептеймін. Әскери қызметті езім қалағандықтан, оның көздеріңнен қиындығы мен қызығы қиындық тұдырмайды. Әскери мамандықтың басқа мамандықтардан басты ерекшелігі еліміздің кез келген жерінде қызмет атқара алады” – дейді ол.

Бүгінде мамандық таңдауда қателесіп жатқандар көп. Ал Әлібек мамандық таңдаудан да, жар таңдаудан да қателеспеді. Жұмысына түсініктілігінен қарайтын, қай кезде де қолдау білдіретін жаңды жар ете алады. Әскердің қызметі де абыроймен атқарып келеді. “Офицерге бастысы, мінез, сабырлықты таныту керек. Кез келген әскери қызметшіге қысылтатын шақта көмектесетін адамды өзінің адамгершілік қасиетін жоғары деңгейде сақтап қалатын адам деп білемін”, – дейді ол өз сөзінде.

ҚЫЛМЫС ХРОНИКАСЫ

ҚАЗА ТАПҚАН АЗАМАТТАРДЫҢ ЕҢБЕК ШАРТЫ САҚТАЛАДЫ

Үстіміздегі жылдың 1 желтоқсан күні «Бектас-Қоныс» кен орнында жұмысшыларға арналған 48 контейнер өртенді. Мұнай кенішінде 30 адам болғаны анықталды. Өрт кезінде үш адам көз жұмды.



– Өртті сөндіруге Төтенше жағдайлар департаментінің 19 қызметкері мен 3 техникасы, «ПожМонтажҚұрылыс» ЖШС мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің 9 жұмысшысы мен 2 техникасы, «ПетроҚазақстанҚұмКөлРесурс» ЖШС мемлекеттік емес өртке қарсы қызметінің 3 қызметкері мен 1 техникасы жұмылдырылды. Өрт бес сағатқа созылып, таңы сағат 06:40-та сөндірілді. Оқиға орнында

қаза тапқан 1967, 1985 және 1970 жылғы азаматтар. Бүгінде өрттің шығу себептері тексеріледі, – деді Облыстық ТЖД бастығының міндетін атқарушы Руслан Қайрақбаев. – Кен орнында көз жұмған адамдардың еңбек шарты тексеріліп, тиісті құжаттар дайындалады. Олардың еңбек шарты сақталады. Яғни сақтаңдары қоры бойынша тиісті төлемдер төленеді. Бұдан бөлек, мемлекет тарапынан отбасына әлеуметтік жәрдемақы

беріледі, – деді облыстық еңбек саласын бақылау басқармасының басшысы Төреәхмет Жолымбетов. – Өрт қауіпсіздігі сақталмағаны үшін қылмыстық іс қозғалды. Яғни, ҚР қылмыстық кодексінің 292-бабының 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жұмыстары жүргізілуде. Аталған іс бойынша сараптама тағайындалды, – деді Қызылорда ОҚД Тәрғеу басқармасының бастығы Әдібек Жаназаров.

НӨРЕСТЕ МӘЙІТІНЕ ҚАТЫСТЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ҚОЗҒАЛДЫ



“Қоқысқа тастап кетті, әжетханада қалдырып кетті” деген ақпаратты жиі естиміз. Өкініштісі, бұл жаңа туған нәрестеге қатысты айтылуда. Енді, міне, бүгінде нәресте өлі күйінде табылды.

Қызылорда қаласы КБІ мәлімет ауданындағы жеке тұрғын үйдің бірінің әжетханасынан нәрестенің мәйіті табылды. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 100-бабымен (Жаңа туған баланы анасының өлтіруі) сотқа дейінгі тергеп-тексеру амалы басталды. Күдікті анықтауға. Оқиғаның барлық мән-жайы тексеріледі. Тиісті сот-медициналық сараптамалар тағайындалды. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте Қызылорда ОҚД Тәрғеу басқармасының бастығы Әдібек Жаназаров мәлімдеді.

– Бізге қабарлама 1 желтоқсан күні сағат 23:21 минут кеткенде полиция департаменті кезекшісінен түсті. Департаменттің жедел-тұтқару жасағы бөлімінен 6 қызметкер мен 1 техника атарды. Барған кезде анықталғаны тұрғын үйдің ауласындағы әжетханада нәресте жатқаны белгілі болды. Құтқарушылар нәрестені шығарып алып, тәрғеу тобының қызметкерлеріне табыстады. Нәресте өлі табылды. Оны босанған адам арууханада. Жағдайы орташа, – деді облыстық ТЖД бастығының міндетін атқарушы Руслан Қайрақбаев.

894 ЗАҢБҰЗУШЫЛЫҚ



Облыс бойынша барлығы 1098 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде қоғамдық орындарда мас күйде 135 тұлға. Түнгі тыныштықты бұзған 67, алкоголь өнімдерін сату тәртібін бұзған 12 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Бауыржан Ибраев мәлімдеді.

Сондай-ақ аймақта 5 шілдеден бастап карантин талаптарын бұзған 894 жағдай тіркелді. Оның басым бөлігі – тұрғындардың той жасау дерегі. Барлығына хаттама толтырылып, айыппұл салынды.

Әлемде болып жатқан жағдайды көріп отырсаңдар, кейбір елдерде ахуал күрделі. Тіпті бірқатар облыстағы жағдайды да көріп отырмыз. Сондықтан карантин талабын сақтау керек. Сондай-ақ індеттің алдын алу үшін мониторингтік топтар өз жұмысын жалғастыруда, – деді ОҚД жергілікті полиция қызметінің бастығы Бауыржан Ибраев.

АДАМ САУДАСЫНЫҢ 6 ДЕРЕГІ



Биыл облыста мәжбүрлі еңбек және 14 жасқа толмаған балалардың еңбегін пайдалану фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер тіркелмеген. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында облыстық еңбек саласын бақылау басқармасының басшысы Төреәхмет Жолымбетов баяндады.

– Полиция органдарының адам саудасына қарсы күрес желісі мәліметі бойынша жыл басынан бері 5 жөнегітайлық және 1 бас бостандығынан заңсыз айыру қылмыстық іс тіркеліп, тәрғеу амаңдары жүргізілуде. Сонымен қатар облыс аумағында адам саудасына байланысты қылмыстарды ескерту, жолын кесу, анықтау және ашу бағытында құзырлы органдармен бірлескен жедел-іздестіру іс-шараларын өткізудеміз. Яғни адамдарды еңбекке қанау мақсатында заңсыз бостандығынан айыру деректерін анықтау, жолын кесу бағытында облыста 3671 шаруа қожалықтың 2876-сы тексерілді, – деді Төреәхмет Жолымбетов.

Мәжбүрлі еңбек пен адам саудасының құрбаны болмау үшін, миграция қызметіне тіркелу, кез келген қызметті жасамас бұрын келісім-шарт жасасу, жұмысқа қабылдаушы ұйым мен тұлғалар жайлы хабардар болу, еңбек шартын жасасу, бөтен тұлғаларға ешқашан жеке куәлік пен өзге де жеке құжаттарды бермеу өте маңызды екенін ескерген жөн.

АУЫЛДЫҚ ОКРУГТІҢ БЮДЖЕТІ

Қызылорда облысындағы 146 ауылдық округ дербес бюджетке өтті. Яғни ауыл тұрғындары жер, мүлік, көлік салығын өздері жинады. Тісінше, қаржыны абаттандыру мен көгалдандыру, сумен қамту, жол салу, көшелерді жарықтандыру және дезинфекциялау секілді 19 бағытқа жұмсай алады.

–Бұдан бөлек, авто жолдың бойында орнатылатын жарнамадан түсетін салық сол жердегі ауылға түседі. Мемлекеттік мүлік сату, жалға беру кезіндегі бақыт саулап. Яғни салықтан ауыл үшін қомақты қаржы жинауға болады. Бір сөзбен айтқанда, халық өз төлеген салықты өзі пайдаланады. Осы тұрғыдан алғанда, тәртіпті деңгейлі бюджеттің берері көп, – деді облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орын.

Ауылдық округтер өз дербес бюджетінен бөлек, мемлекеттік бағдарламалар негізінде инфрақұрылымын жаңартып, әлеуметтік нысандарды жөндеуден өткізуде.

АЛАЯҚ ӘЙЕЛ ҰСТАЛДЫ

Бүгінде алаяқтыққа қатысты іс көп. Соны біле тұра, алаяқтардың арбауына түсіп қалушылар аз емес. Ал ақшаны өзгерте миллиондап беру дегеніңіз тым көп енді. Қызылорда қалалық Полиция басқармасына қала тұрғыны алаяқтық дерегіне қатысты арыз түсірген.

Белгілі болғандай, ағымдағы жылдың тамыз айында бір әйел облыс орталығының шағын ауданында қателесіп алаяқ жәрдемдесуге уәде берген. Ол әйелдің тұрғын үй құжаттарын жергілікті басқарушыларға, оған 3 000 000 теңге көлемінде ақша төлеген. Көп ұзамай жіберілуші ешқандай нәтиже көрмей, ақшасын қайтаруды талап етеді. Содан кейін аялау әйел оған 1 миллион теңге қайтарып, қалған ақшасын бермей жүргізіп жүрген.

Қызылорда қалалық ПБ-сы қызметкерлері жүргізген жедел-іздестіру шараларының нәтижесінде Қызылорда қаласының 57 жастағы тұрғыны құрықталды. Күдіктіге қатысты ешқандай кетпеу және өзін дурыс ұстау туралы қолап түрінде бұлтартпау шарасы қолданылды. Ол өз іс-әрекетін толығымен мойындады.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 1-бөлігі (Алаяқтық), яғни бөтеннің мүлкін жымқыру) бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуде.

Бөтті дайындаған: М.САБЫРЖАН

Індетке байланысты бірнеше ай жарыссыз қалған қыз-жігіттер бар күші мен жігерін Шымкент шаршы алаңында сарқып берді. Жеңіл салмақта жаңа есім Қазақстан чемпионатында ерлер де, әйелдер де он салмақ дәрежесі бойынша сыңға түсті. Олимпиада бағдарламасынан алынып қалған 49 және 60 кило салмақтағы боксшылар да бұл долада бақ сынады. Аталған екі салмақ дәрежесі Азия және әлем чемпионатында бар екенін ескерсек, бұған атүсті қарауға болмайды. 49 килода еліміздің бес дүркін чемпионы, бірнеше жылдан бері осы салмақтың тізгінін ешкімге бермеген Темірtaş Жүсіповтың тусайтын мықты табылды. Батыс Қазақстан облысының намысын қорғаған жас боксшы Даниял Сәбит финалда өзінен он жас үлкен әккі қарсыласын өбден тұқыртқанына куә болды. Көпшілік күткендей, Теміртастың тәжірибесі жас буынның қарқынына төтеп бере алмады. Бокстағы тағы бір жеңіл салмақтың бірі 52 килода Токио Олимпиадасының жолдамасын ең соңғы мүмкіндігінде иеленген Сәкен Бибосынов өзінің жерлесі, жастар арасында жұлдызы жанып, ересектер қатарына енді өткен талантты Сабырхан Мәхмұдқа есе жіберді. Жан алысып, жан беріскен кездесуде екі боксшы да аянып қалған жоқ. Бірақ Сабырханның шоқтығы бәрібір биік болды. Талай маманның таңдайын қақтырып, талай жанкүйерге үлкен үміт сыйлаған ол өзінің алдына баратынын тағы бір дәлелдеді. Ал Олимпиадада бақ сынайтын Сәкен Бибосынов үшін бұл жеңіліс үлкен сабақ болары сөзсіз. 57 кило салмақ дәрежесінде Токио Олимпиадасына аттанатын Серік Теміржанов өзінің рәсінде үздік екенін көрсетті. Павлодарлық боксшы барлық қарсыласын бір деммен жеңіп, финалда Ақмола облысының өкілі Ораз Асылқұловты көп күш жұмсай отты. Олимпиада бағдарламасына енебейтін тағы бір салмақ 60 килода маңғыстаулық Саматал Төлтаев



топ жарды. Финалда Шығыс қазақстандық Бекнұр Ожоновпен кездескен Төлтаев төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жетті. 63 кило салмақтағы боксшылар жарыспай финалмен шектелді. Бұл салмақтың сөзсіз үздігі Зәкір Сафиуллин ¼ айналымдағы жарақатына байланысты қоланы қанағат тұтты. Сондай-ақ ақтық сындағы жекпе-жек те өткізілмей, Алматы облысынан Ерұлан Зейітұлинов байғөні шалпай алды. Оның қарсыласы турнирден бас тартқан. Жанкүйерлер асыға күткен жекпе-жектің бірі – 69 килодағы Абылайхан Жүсіпов пен Асланбек Шымбергеновтің кездесуі еді. Қос боксшының жеңістері де

бір басына жетерлік. Асланбек Азия ойындарында жүлде алып, WSB сериясында жарықраса, Абылайхан әлем чемпионатында үстішке еніп, Токио ойындарына жолдама алған. Өкінішке қарай, бұл жолғы кездесу біз күткендей қызық болмады. Екінші раундта Жүсіповтің оқыс әрекетінен Асланбек жарақат алып, қабағы қанай берген соң төрешілер жекпе-жекті тоқтатты. Жеңіс Абылайханның еншісіне жазылып, алтын Қарағанды облысына кетті. 75 килодағы финалдық сөзсін Әбілхан Аманқұддін сөзсіз жеңісімен аяқталды. 2018 жылғы ел чемпионатында иығын жарақаттап, талай

турнирден қалыс қалған Әбілхан үшін бұл біріншілік қатардағы жарыстардың бірі болғаны анық. Өйткені Олимпиада жолдамасын алып, әлем чемпионатында көзге түскен боксшыға қарымды қарсылық танытар ешкім болған жоқ. 81 килода әлем чемпионы Бекзат Нұрдаулетов пен жастар арасындағы әлем чемпионатының жүлдегері Нұрбек Оралбай арасындағы жекпе-жек те тартысты болады деп күткеніміз рас. Бекзат былтырғы әлемдік долада жасындай жарықдаса, Нұрбек ересектер қатарына енді ауысып, ерекше бокс үлгісімен тәңгі етіп жүрген жігіт. Финалдық кездесу біз күткендей қызықты өткен жоқ.

Бекзат бабында болса да, нағыз чемпиондарша ждұрықтасты дей алмаймыз. Ал Нұрбектің әлем чемпионы жаңағы өлі де әлеуеті жетпейтіндей көрінді. Десе де, Нұрбек Оралбайға қарап, біздің жас буының қарқынды екенін байқауға болады. Айбек Оралбайдың көпшілік Василий Левиттің ізбасарына балайды. Бұл жарысқа денсаулық жағдайына байланысты Левит қатысқан жоқ. Бірақ бұл салмақтағы жастардың келешекте ұзаққа шабатыны көрініп тұрды. Айбектің финалдағы қарсыласы – өзінің командаласы әрі досы Сағындық Тоғамбай да бапкерлер мақтанған боксшылардың бірі. Екеуі де жойын соқшымен ерекшеленеді. Финалдық кездесуде нокаут немесе нокаунд болған жоқ. Мүмкін, бір бапкерде, бір залда жаттығатын достар бір-біріне қатты соққы жұмсамаған шығар. Кездесу Айбектің жеңісімен аяқталды. Сағындық ересектер арасындағы алғашқы додасынан күміс еншіледі. Аса ауыр салмақта Қамшыбек Қоңқабаевқа тең келер боксшы әзірге жоқ. Әлем чемпионатының жүлдегері финалда Нұрлан Сапарбайды көп күш жұмсай-ақ жеңді. Алыптар айкасында жанкүйерді ешкім таң қалдыра қойған жоқ. Токио Олимпиадасына жолдама алған сөзсіз боксшының бесеуі өз салмағында топ жарды. Зәкір Сафиуллин (63 кило) жарақатына байланысты жарыстан бас тартса, Василий Левит (91 кило) денсаулық жағдайына байланысты турнирге қатысқан жоқ. Ал 52 келідегі Сәкен Бибосыновтың финалдағы жеңілісі оған өлі көп жұмыс істеу қажеттігін ескерткендей. Осылайша ел чемпионатындағы жатықмандандық есепте 2 алтын, 2 қола алған Маңғыстау облысы көш бастады. Екінші орында 1 алтын, 2 күміс, 1 қола иеленген Нұр-Сұлтан боксшылары орналасқан. Үшінші сатыда 1 алтын, 1 күміс, 3 қола еншілеген Жамбыл облысының командалық түр.

ПРЕМЬЕР-ЛИГАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ

Премьер-лига командалары арасындағы футболдан Қазақстан чемпионатының үздік сұрмергені болып Шымкенттік «Ордабасы» командасының футболшысы Жоао Пауло танылды. 32 жастағы бразилиялық шабуылшы осы маусымда 20 матч өткізіп, 12 гол соқты.



Алматылық «Қайраттың» қорғаушысы Гафуржан Сүйімбаев 2020 жылғы Қазақстан Премьер-лигасының үздік ассистенті атанды. Осы маусымда қорғаушы сөзсіз нәтижелі пас берді. Қарағандылық «Шахтер» командасының капитаны Арсен Хубулов жеті голдық пас берді. Дино Миканович пен Вагнер Лав (екеуі де «Қайрат»), Серікжан Мужиков («Тобыл») және Жоао Пауло («Ордабасы») әрқайсысы бес нәтижелі пас берді. Тони

Сильва («Тараз»), Небойша Косович («Қайрат»), Сенин Себай («Тобыл»), Тигран Барсегян («Астана») төрт мәрте әріптестерінің көзге түсуіне мүмкіндік жасады. Педро Еуженио («Жетісу»), Милан Стоянович («Оқжетпес»), Макс Эбонг, Дмитрий Шомко (екеуі де - «Астана»), Билал Себайхи («Каспий»), Мирзад Механович («Ордабасы»), Александр Станиславевич («Қайсар»), Сергей Зенев («Шахтер») үш нәтижелі пастың авторы атанды.

Бетті дайындаған: Е.ШӘРІБЕК

ЖЕРГІЛІКТІ БАПКЕР ЖАТТЫҚТЫРАДЫ

Қызылордалық «Қайсарды» көлер жылы жергілікті бапкер жаттықтырады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Жақсылық Оспанов мәлімдеді.

— Қазіргі таңда бапкерлік қызметке үш үміткер бар. Атап айтсақ, осы уақытқа дейін «Қайсардың» аналитик жаттықтырушысы қызметін атқарған Қанат Шерімбетов, «Байқоңыр» командасының бас бапкері Ерлан Шойтұмов және жергілікті жаттықтырушы Сұлтан Әбілдаев бар. Осы үш бапкердің жұмыс жоспарын анықтап, лайықтысын жауапты қызметке тағайындаймыз. Жергілікті мамандар Премьер-лигада командалық жақсы нәтижеге жетелейтініне

сеніммен қараймын, — деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар «Қайсар» футбол клубының жаңа маусымдағы бюджеті 1 млрд 600 млн теңге деп жоспарлануда. Команданың 60 пайызы — жергілікті ойыншылар.

— Бас бапкер тағайындалғаннан кейін «Қайсар» футбол клубы жаңа маусымға дайындығын бастайды. Команданың негізгі фронты жергілікті ойыншылар құрайды. Бүгінде Думан

Нәзірлідаев, Илияс Әмірсейітов, Нұрмықан Сапарбай, Шоқан Абзалов, Ислам Гамф, Марсель Исламқұловпен келер жылға келісім шартымыз бар. Сондай-ақ Александр Марочкин, Бағдат Қайыров, Александр Заруцкий, Элгуджа Лобжанидзе секілді футболшылармен келіссөздер жүргізудеміз, — деді клуб директоры Серік Досманбетов. Айта кетейік, биыл «Қайсар» Премьер-лигада 6 жеңіс, 6 тең, 8 жеңіліс көрсетісімен 24 ұпай еншілеп, біріншілікті 7-орынмен қорытындылады.



ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ КӨРЕРМЕНСІЗ ӨТЕДІ

Мәнерлеп сырғанаудан Элизабет Тұрсынбаева бақ сынайтын әлем чемпионаты бос трибуналарда өтпек. Ұйымдастырушылар пандемияға байланысты осындай жоспар құрып жатыр, деп хабарлады ҮОК баспасөз қызметі.



— Қазіргі таңда біз ISU-мен тығыз жұмыс істеп, қауіпсіздік шараларын тапқылап жатырмыз. Бүгінде ISU Гран-при кезеңдерін өткізуде. Оның үстіне, әлем чемпионатынан бұрын Загребте Еуропа біріншілігі ұйымдастырылады. Сондықтан бізге жаһандық доданы өткізер кезде біраз көмек болары анық. Жанкүйерлердің қауіпсіздігін ойлап, спорт көшеніне көрермендерді кіргізбеу туралы мәселені тапқылап жатырмыз, — дейді әлем біріншілігін ұйымдастырушылар. Айта кетейік, мәнерлеп сырғанаудан әлем чемпионаты 2021 жылдың 22-28 наурызына жоспарланған.

СӘН ӘЛЕМІНДЕГІ ТАНЫМАЛ МАМАНДЫҚТАР

Сән әлемінде мансап құру – тамаша идеяның бірі. Бұл индустрияда түрлі рөлдер бар. Сән сала-сында кез келген жұмыстың өз орны бар: экзотикалық фотосессиядан бастап сән блогтарын жүргізуге дейін таңдау бар. Сән индустриясында кең тараған 8 мамандықты ұсынамыз.

Киім технологиясы
Тігін технологиясы – ирмжіктер, маталар және талшықтарды қиыстырып, тастау арқылы жаңа материалдарды өңдеумен және олардың дизайнымен айналысатын инновациялық жұмыс. Сонымен қатар, технологтар өңдеу әдістерін жақсартудың басқа амалын іздеп, оны тиімді етуді ойластырады. Бұл мамандықта сапаны бақылау мен зерттеу жұмысы маңызды рөл атқарады.

Сәнер (модельер)
Дизайнерлер бұл саладағы ең ықпалды тұлғалардың бірі. Олар – киім дизайнын және сәнді топтамаларды ойластыратын шығармашыл адамдар. Сән дизайнерлері жеке брендтерде, butikтерде және басқа түрлі орындарда жұмыс істейді.

Суретші-сәнер (немесе иллюстратор)
Сән иллюстраторлары дизайнерлермен бірге жұмыс істейді. Олар бірге тұжырымдамалық нұсқасын жасайды және сәнді тауарлардың (киім, аяқ киім, аксессуар) суретін салады. Сонымен қатар, иллюстраторлар жарнамалық материалдарға арналған баспа түрде де, онлайн түрде де жарнамалық көшірмелер мен суреттер дайындайды.

Мерчендайзер
Мерчендайзерлер тауарлар дүкенде уақытында және қажет мөлшерде пайда болатынына көпір беру үшін сатып алу бөлімімен тығыз жұмыс істейді. Бұл мамандықта сату тиімділігінің дәл мониторингін жасау мен нақты болжам қоя білу маңызды. Мерчендайзердің рөлі әр мерзімдегі дүкен кірісімен тығыз байланысты. Ол сондай-ақ жарнамалық акцияларды ұйымдастырады.

Киім стилисті
Сән стилистері фотосессияға немесе фильмге арналған фотографтың немесе арт-директордың ойындағы үлгіні өмірде жүзеге асыруға көмектеседі. Оны шығармашылық мамандық десе де болады. Сән стилистері жарнама бөлімі, кино саласы, редакциялық бөлім және түрлі медиа-ұйымдармен жұмыс істейді.

Жеке стилист
Жеке стилистер адамдармен жеке-кей жұмыс істейді. Олар стиль мен киімге қатысты кеңес беріп, киім таңдауға көмектеседі. Бұл мамандықта сән туралы білімнен бөлек адамдармен дұрыс сөйлесе білу мен қызмет көрсете алуы да маңызды рөл атқарады.

Сән журналисі
Әдетте, сән журналистері пиар мамандарымен бірге жұмыс істейді. Сән журналистері газет, журнал, теледидар және сән сайттары мен блогтарында жұмыс істейді.

Қоғаммен жұмыс істеуші менеджер
Олар адамдармен тығыз жұмыс істейді. PR бөлімі брендтің мықты бағыты мен қоғамдық имиджін қалыптастыру үшін сән лейблдарымен және жеке саудагерлермен жұмыс істейді. Сонымен қатар жаңа өнімнің бұқаралық ақпаратқа таралуын қадағалайды.

Британ ғалымдары роботтар адамдардың жұмыс орнын қаншалықты баса алатынын есептеді. Келешек көңіл көншітпейді: АҚШ-тың өзінде алғашқы онжылдықта мамандықтардың 47%-ы толықтай автоматтандырылуы мүмкін.

РОБОТТАР ЖҰМЫССЫЗ ҚАЛДЫРУЫ МҮМКІН



Зерттеумен Oxford Martin School ғалымдары айналысқан – бұл Оксфорд университетінің бөлімі. АҚШ-тағы мамандықтардың 700-ден астам өкілін басшылыққа алып, мамандар оларды бірнеше критерий бойынша қарастырған: білім деңгейінен бастап – тапсырма орындау барысындағы шығармашылық элементтеріне дейін. Олардың жартысына жуығы, 47% жұмыс орны, зерттеу жұмысының нәтижесі бойынша автоматтандырылуы мүмкін.

Ғалымдар мұның бір себебі АҚШ-тағы жоғары білімге қол жетімділіктің төмендігі деп атайды. Сонымен қатар технологияның дамуымен көптеген жұмыстарды роботтарға беру тиімдірек – экономика жағынан да, пайда әкелу жағынан да. Бірінші кезекте механизмдер еңбек нарығынан көлік саласының өкілдерін (авиацияда 18%-дан



көшеден қорқыс шығаруда 93%-ға дейін) және қоғамдық тамақтандыру өкілдерін (мейрамхана аспазшысы маманының 96%-ын); және тіпті сот мамандарының 40%-ы, зерттеу авторларының пікірінше, жасанды интеллектпен алмастырыла алады. Алмастыруға келмейтін мамандықтардың ішінде – бастауыш сынып мұғалімдері мен би жаттықтырушылары (0,4%), дәрігерлер



(саласына байланысты көрсеткіштер 0,3%-14% аралығын қамтиды) және компьютер жүйесін құрастырушы жүйелік сарапшылар (0,6%). Өз жұмыс орнының келешегін американың журналистер зерттеудің түпнұсқасына негіздеп жасаған онлайн-құрылғы арқылы тексеріп көруге болады. Мемлекеттің тең жартысы жұмыссыз қалмас үшін ғалымдар білім беру жүйесін қайта бағдарлауды ұсынады, оны уақыт сұранысына дайын

ету керек дейді. Олар мұның бәрі – адамзат дамуының заңды кезеңі деп ескертеді. 18-19 ғасырдағы өндірістік төңкеріс нәтижесінде қол еңбегін механикаландырылған еңбек ысырды, соның салдарынан адамдар жаңа мамандықтарды үйренуге мәжбүр болды. 21 ғасырда жұмысшылардың көбі техниканы басқарумен ғана айналысады, ал олар сәйкесінше көптеген тапсырмаларды өзіне алады. Мұны жоққа шығарудың еш мәні жоқ, керісінше жағдайға алдын ала дайын болған дұрыс.

Біраз уақыт бұрын заманауи ұлы ғалым Стивен Хокинг роботтардың адамдарды толықтай жеңетінін болжаған: дегенмен, бұл жақын арада болмайды. Бірақ қазіргі өзінде уақы мен күйзеліс роботтарға қонауы жұмысшыларын алмастыра алады, жол қозғалысын реттей алады, көлік жүргізіп, басқа да жұмыстарды істей алады.



JULDYZ - JORAMAL

(5-9 желтоқсан)



ТОҚТЫ

Кейінгі шегеріп жүрген жұмысты іске асыратын уақыт келді. Әр қаламыз сенімді түрде басқан әбзал. Достың сатындығын елемеу мүмкін емес. Абай болыңыз. Алтада қызметіңіз жоғарылауы мүмкін. Сізге артылатын сенім де жоғары болмақ. Сәттілік серігіңіз болсын.



ТОРПАҚ

Алдағы апта сіз үшін түрлі сынаққа толы болады. Әріптестеріңізбен арада түсініспеушілік және қаржы қиындықтары орын алады. Бірақ ашық-жарқын жандар бұдан бір жолын тауып шығады. Кез келген құмар ойыннан алышақ болған жөн. Өйткені құмар ойыннан дер кезінде тоқтау өте қиын.



ЕГІЗ

Жыл басталған сәттен-ақ сатындық пен алдаудың құрбаны боласыз. Бірақ сіз оңайлықпен берілмейсіз. Алдағы апта жаңадан тәжірибе жинақтайсыз. Тың нәрсемен танысу үшін жаңа білім көзін іздеуге тура келеді.



ШАЯН

Жоспарыңыз сіз ойлағаннан да жылдам іске асады. Бірақ келер апта кішкене кідіруге тура келеді. Қалыпты жағдайдан ауытқудың сәттер жиі кездеседі. Бұл уақыт тәжірибеніңізді қолдануға, өзіңізді тануға мүмкіндік береді.



САРЫШАЯН

Кез келген істі ойланпай қолға алған дұрыс. Асығыс шешім шығына алып келеді. Бұл тоқтап қалудың белгісі емес. Керісінше, алта жылжылған сабын жолыңыз анығырақ бола түседі. Достарыңызға көңіл бөлуді ұмытпаған жөн. Қажетті энергияны айналыңыздағы адамдар береді.



БИКЕШ

Жұлдыздар асықпай шешім қабылдауға кеңес береді. Шынайы мүмкіндікті дер кезінде аңғармасаңыз, сіз үшін қиын болуы мүмкін. Өзіңіздің стиліңіз бен имиджіңізді өзгертіңіз. Сонымен бірге жұмыс ауыстырып, бөтен аймаққа көшіп кетуіңіз де мүмкін. Шешім қабылдамай, ұзақ жүріп алудан сақ болыңыз. Өйткені бұл күйзеліске соқтырады.



АРЫСТАН

Асықпай жоспар құрып, әр кезеңнен кезеңге салмақты түрде адимдайсыз. Аналитикалық ойлау қабілетіңіз бен ішкі түйсігіңіз ешқашан алдамайды. Сізге дұрыс жол сілтейді. Жақын жандардың қасында болған дұрыс.

МЕРГЕН

Мақсат қоя білу, кез келген істі тез мергеніңізбен біріктіріңіз. Алта барысында барлық істі аяқтау жеткілікті көрінеді. Бірақ уайымдаудың қажеті жоқ. Өйткені бұл апта сіздің жағыңызда болмақ. Барлық салада бойынша жолыңыз болғалы тұр.

ТАУЕШКІ

Бар назарыңызды жұмысқа бөліп, қарым-қатынасқа келгенде түйықталып қалдыңыз. Өзгеріс енгізіп, аптаны достарыңыз бен отбасыңызға арнаңыз. Бірақ кез келген адамға ашыла бермеген жөн. Алтада көп шығындаласыз. Жаңа дизайнгерлік киім, жиһаз бен техникалар сатып аласыз. Бірақ шығындалу жаңа табыс көзін іздеуге бастама болады.

СУҚҰЙҒЫШ

Жинақылық, жауапкершілік сізге серік болады. Бірақ көңіл көтеруді жақсы көретін жандар өзін көп нәрседен тыяды. Есесіне, еңбегіңіздің жемісін көресіз. Одан бөлек, кәсібіңізден пайда түседі.

БАЛЫҚ

Жақын арада тауға саяхаттасыз, қыдырасыз. Дегенмен сәл қиындық туындауы мүмкін. Берілмей, істі соңына дейін жеткізесіз, бәрі сіз жоспарлағандай болады. Өзіңіз білмейтін белгісіз қырыңызды ашуыңыз мүмкін. Соны тұнықтырып алмаңыз.

БАЛЫҚ

Жақын арада тауға саяхаттасыз, қыдырасыз. Дегенмен сәл қиындық туындауы мүмкін. Берілмей, істі соңына дейін жеткізесіз, бәрі сіз жоспарлағандай болады. Өзіңіз білмейтін белгісіз қырыңызды ашуыңыз мүмкін. Соны тұнықтырып алмаңыз.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:

тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР

Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС шенеуніктері басқаруындағы. Газет редакциясында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А

e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru

Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091

Тансырыс №

АҚМЕШІТ
жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.